

**DEXP**

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

**DEXP FT-23RM**  
**желдеткіші**

# **Құрметті сатып алушы!**

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін рақмет.

Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бүйімдерді ұсынғанымызға қуаныштымыз. Аспапты пайдаланар алдында қауіпсіздігізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мүқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.


## **Құрылғының қолданылу мақсаты**

Желдеткіш үй-жайды желдетуге арналған.

### **Сақтық шаралары**

- Сымы немесе ашасы бүлінген құрылғыны пайдалануға болмайды. Қуат сымын ауыстыру үшін екілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
- Пайдаланбаған кезде немесе тазалағанда, тасымалдағанда, сондай-ақ ақаулық анықталған кезде құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Электр тогының соғуына және жарақат алуға жол бермеу үшін құрылғыны, оның сымын, ашасын суға және басқа да сұйықтықтарға батырманыңыз.
- Бұл құрылғыны 8 жасқа толмаған балаларға және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдарға, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа жандардың бақылауынсыз пайдалануға болмайды.  
Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат берменіз.
- Құрылғыны ересек адамдардың бақылауынсыз балалардың пайдалануына болмайды.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда торына саусағынызды, қарындашты немесе басқа заттарды тықпаңыз.
- Құламауы үшін құрылғыны тегіс, тұрақты жерге орнатыңыз.
- Құрылғыны терезеге қоюға болмайды.
- Құрылғы тек үй жағдайында пайдалануға арналған.
- Тазалау немесе ұзақ уақытқа сақтау алдында құрылғыны желіден ажыратыңыз.
- Басқа жерге тасымалдаудан бұрын құрылғыны өшіріңіз.

## Құрылғының схемасы



1. Басқару панелі.
2. Дисплей.
3. Корпус.
4. Негізі.


## Құрастыру

**Ескерте:** құрылғыны жинау алдында, жинау кезінде зақымдалмауы және корпусы сыйылмауы үшін бөлшектерді жұмсақ беттерге немесе қаптама материалдарына (пленка, көбікласт, т.б.) орналастырыңыз.


1. Қаптамадағының барлығын алып шығыңыз. Негізінің алдыңғы бөлігін артқы бөлігіне орнатыңыз. Негізінің екі бөлігін дәлдеңіз.



2. Негізді орнатпас бұрын құрылғының астындағы 4 винтті бұрап алыңыз. Құрылғының негізі мен корпусындағы тесіктерді туралап, негізді төрт винтпен мықтап бекітіңіз.




## Басқару панелі және оны пайдалану



Функционалдық түймелердің сипаттамасы:


- – қосу/өшіру, күту режимін түймесі.
- – аяа ағынының режимін реттеу (табиғи жел, тұнгі режим, самал жел).
- – аяа ағынының жылдамдығын реттеу (күшті, орташа, төмен).
- – «Айналу» түймесі.
- – таймерді орнату:
  - Желдеткішті іске қосу режимінде өшіру үақытын орнату (1-7 сағат).
  - Желдеткішті күту режимінде іске қосу үақытын (1-7 сағат) орнату (желдеткіш қосулы, бірақ жұмыс істемейді).

## Дисплей



## Қашықтан басқару пульті




ҚБ пультінің жұмыс қашықтығы қабылдағыштан 30° бұрышта 5 м дейін.



	қосу/күту режиміне аудыстыру
	таймер
+	aуа ағыны күшін арттыру
-	aуа ағыны күшін азайту
	айналу
	aуа ағыны режимін таңдау

## Батареяларды орнату

Батарея бөлімінің тілшесі



1. Батарея бөлімінің ысырмасын жылжытыңыз.
2. Батарея бөлімін алу үшін тілшеден тартыңыз.
3. Батареяны бөлімге орнатыңыз.
4. Батарея бөлімін пультке салыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ:** CR2032, 3 В түріндегі батареяны пайдаланыңыз.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Батареялар жиынтыққа кірмейді.
- Батареяларды отқа тастамаңыз, олар тұтануы немесе ағып кету мүмкін.
- ҚБ пультін тастау алдында одан батареяларды алыңыз.

## Қызмет көрсету және күтім жасау

1. Құрылғыны өз бетіңізбен жөндеуге тырыспаңыз. Ақаулар пайда болған жағдайда, өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
2. Құрылғыны тазалау және қайта жинау алдында желіден ажыратыңыз.
3. Тиісті ая айналымын қамтамасыз ету үшін құрылғының желдеткіш саңылауларының бітелмеуін қадағалаңыз. Желдеткішті тазалау үшін бөлшектеменеңіз.
4. Құрылғының сыртын жұмсақ жуғыш зат ерітіндісімен суланған шүберекпен сүртіңіз.
5. Құрылғының бетіне зақым келтірмеу үшін абразивті жуғыш заттарды, бензолды немесе еріткіштерді қолданбаңыз.
6. Мотор корпусына немесе ішкі бөлшектеріне су немесе басқа сұйықтықтың кіруіне жол берменеңіз.
7. Құрылғыны құрғақ немесе жұмсақ сабынды су ерітіндісімен суланған шүберекпен жақсылап сүртіңіз. Құрылғы корпусындағы сабынды пленканы құрғақ шүберекпен мұқият сүртіңіз.

## **Техникалық сипаттамалар**

- Үлгісі: FT-23RM.
- Қуат көзі: 220-240 В, ~50 Гц.
- Қуаты: 45 Вт.
- Шыыл дәңгейі: 58 дБ.
- Таймер 7 сағатқа дейін.
- Жылдамдықтар саны: 3.
- Режимдер саны: 3.
- Айналу бұрышы:  $60^\circ \pm 5^\circ$ .
- ҚБ пульті (инфрақызыл).
- Құрылғының өлшемдері:
  - ені: 325 мм;
  - қалыңдығы: 325 мм;
  - биіктігі: 1100 мм.
- Қолданылу аясы: түрмистық.

## **Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары**

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тутынушының жылдыштылатын ғимаратында өндірушінің қаптамасына салып,  $+5^\circ\text{C}$ -тан  $+40^\circ\text{C}$ -қа дейінгі температурада және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Үй-жайларда коррозия туындарын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңын, ластын, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда, деруе өкілетті сервистік орталыққа хабарласқан немесе құрылғыны кәдеге жаратқан жөн.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе түрмистық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

## **Қосымша ақпарат**

**Өндіруші:** Джиди Мидеа Энвайронмент Эпплайенсиз ЭмЭффДжи. Ко., Лтд.  
Дунфу тас жолы, 28, Хәсүй шығыс өнеркәсіп аймағы, Дунфэн, Чжуншань қ.,  
Гуандун пров., Қытай.  
Қытайда жасалған.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:** ТОО «ДНС  
КАЗАХСТАН», г. Нұр-Султан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:** «DNS  
QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Султан қаласы, Сарыарқа ауданы,  
Сарыарқа даңғылы, 12-ғимарат, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:  
• КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі»;  
• КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАӘО ТР «Электр техникисы  
және радиоэлектроника бүйімдарында қауіпті заттардың қолданылуын  
шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бүйімның сыртқы түр-сипатты және оның сипаттамалары алдын ала  
хабарланбай өзгерілуі мүмкін.

Құрылғының жиынтықтамасы алдын ала хабарланбай өзгерітуі мүмкін.



**Өндіруші төмендегідей жағдайларда кепілдік бойынша міндеттемелерді өз майнына алмайды:**

- Кепілдік мерзімнің аяқталуы.
- Жеке қажеттіліктер (тұрмыстық, отбасылық) үшін пайдалануға арналған бұйымның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ тікелей қолданылу мақсатынан басқа мақсаттар үшін пайдаланылуы.
- Өндіруші пайдалану кезінде бұйым иесінің пайдаланушы нұсқаулығындағы талаптарды бұзуы, бұйымды орнату және қызмет көрсету бойынша нұсқауларды, бұйымды қосу (сондай-ақ сәйкес келмейтін желі кернеуінің бұйымның өзіне және оған қосылған бұйымға әсер етуі нәтижесінде туындаған қысқа түйікталу), сақтау және тасымалдау ережелерін орындауда салдарынан болған ықтимал материалдық, моральдық және басқа да залал үшін жауапты емес.
- Механикалық зақымның барлық жағдайы: бұйымды пайдалану кезінде пайда болған кетік, шытынаған жерлер, деформация, соққы іздері, майысқан жерлер, ойылған жерлер және т.б.
- Сыртқы өзгерістер, рұқсаты жоқ адамдардың рұқсатсыз жөндеу жұмыстарын жүргізу іздерінің болуы. Ақау бұйымның конструкциясын немесе сұлбасын өзгерту, Өндіруші мақұлдамаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыларды пайдалану салдарынан туындаған жағдайларда.
- Бұйымдағы ақау алапат күш әсерінен (табиғи апат, өрт, су басу, жер сілкіну, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге байланысты емес басқа да жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындауы. Ақаудың бұйым ішіне бөгде заттардың, сыйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың кіріп кетуінен, бұйымның толықтай немесе ішінара істен шығуына әкелген жемір заттар, жоғары ылғалдылық, жоғары температура әсерінен туындауы.
- Бұйымның сәйкестендіру нөмірінің (сериялық нөмірінің) болмауы немесе сәйкес келмеуі. Зақымның (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық құрал әсерінен туындауы: БҚ жеткізушісінің осы қызмет түрін ұсынбауына байланысты қайта қалпына келтіру мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қол жеткізуден айыруға әкеліп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жою.
- Қуат, кабіл, телекоммуникация желілерінің, радиосигнал қуатының, стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес болмауы, оның ішінде рельеф ерекшеліктері және басқа да осыған үқсас сыртқы факторлар, бұйымды желі істейтін аймақ шекарасында немесе одан тыс пайдалану салдарынан жұмыс ақауларының болуы.
- Зақымның стандартты емес (ерекше) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығын материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (соның ішінде CD, DVD дискілері, жад карталары, SIM карталары, картридждер) пайдалану салдарынан болуы.
- Кемшіліктердің үйлеспейтін контентті (әуен, графика, видео және басқа да файлдар, Java қолданбасы және осыған үқсас бағдарламалар) алу, орнату және қолдану себебінен орын алуы.
- Осы бұйымға қосылып жұмыс істейтін басқа құрылғыларға келтірілген зияндарға кепілдік міндеттемесі қолданылмайды.

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші кепілдік мерзімі барысында құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ, материалдар мен жинағында ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданған жағдайда, кепілдік мерзімі барысында пайдаланушының қатысының істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру жұмыстары жүргізіледі. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

**Кепілдік міндеттемелер мен тегін сервистік қызмет (оларды ауыстыру бүйімды бөлшектеумен байланысты болмаса) тауар жиынтығына кіретін мына керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- Қашықтан басқару пультінің (ҚБП) қуат элементтері (батареялар).
- Жалғаыш кабілдер, антенналар мен олардың жалғаыш тетіктері, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртурлі ақпарат тасығыштар, жинақта берілетін бағдарламалық құрал (БҚ) мен драйверлер (оның ішінде бүйімның қатты магниттік дискілеріндегі жинақтауышта алдын ала орнатылған БҚ және мұнымен шектелмейді), сыртқы кіріс және шығыс құрылғылары мен манипуляторлар.
- Қалтар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған шнурлар, монтаждық құрылғылар, құралдар, бүйіммен бірге берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдар мен бөлшектер.



**www.dexp.club**